

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
28.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 28.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі сегізінші мәселе «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Бижанова Гүлнәр Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасын қабылдаудың тарихи маңызы бар. Қазақстанда алғаш рет «Прокуратура туралы» Заңға конституциялық мәртебе берілді.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 16 наурыздағы Жолдауында «Прокуратура туралы» Конституциялық заңды қабылдауды ұсына отырып, бірінші кезекте «елдегі заңдылық» конституциялық принципін рөлін нығайтты.

Қоғам мен мемлекетте заңдылыққа қол жеткізу барлық прокуратура жұмысының негізгі және басты мақсаты екендігін атап өткен жөн. Сондықтан жоғары қадағалау заңдылықты сақтаудың тиімді құралы ретінде конституциялық мәртебесі бар заңмен қамтамасыз етілуі керек.

Енді жұмыс тобында конституциялық заң жобасын қарау кезінде енгізілген негізгі түзетулерге тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Барлық енгізілген өзгерістер мен толықтырулар заң жобасы тұжырымдамасының шеңберінен шықпайды және прокуратураға қосымша өкілеттіктер бермейді. Дегенмен біз прокуратурамен бірлесе отырып, жоғары қадағалау шектері мен заңдылықты бұзуға ден қою рәсімдерін нақтыладық.

Болашақ конституциялық заңның ережелерін басқа конституциялық заңдардың нормаларымен дұрыс үйлестіру мақсатында депутаттар бірқатар маңызды ұсыныстар енгізді. Мысалы, жобада қазіргі уақытта заңнамада көзделмеген Президенттің жоғары қадағалау органы жүйесінде өзге прокуратураларды құру туралы құқығын ескеруді ұсынды.

Тиісті түзетулер әскери және көлік прокуратуралары органдарының қызметі мәселелері бойынша да енгізілді. Бұл түзетулер қолданыстағы «Президент туралы» Конституциялық заңның ережелеріне сәйкес келеді.

Өйткені прокуратура – Мемлекет басшысына есеп беретін орган. Ал жобадағы жабық тізім Президенттің өкілеттіктеріне тікелей қайшылық тудырушы еді.

Бас Прокурордың сотқа дейінгі тергеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді келісу құқығы туралы норма енгізілді.

Бас Прокурордың қылмыстық қудалаудан және әкімшілік жауапкершілікке тартудан тиісті артықшылықтары бар адамдарды қол сұғылмаушылықтан айыру мәселелері бойынша ұсыныс енгізу туралы нормалар нақтыланды.

Тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды және заңсыз актілерді тоқтата тұруды прокурормен талап ету құқығы енгізілді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді шетелден қайтару мәселелері бойынша прокуратураның халықаралық ынтымақтастық жөніндегі қызметін үйлестіру туралы жобаның ережелері нақтыланды.

Мемлекеттік-құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органның, әскери және көлік прокуратурасы органдарының тексеру мәселелері және басқа да функциялары бойынша өкілеттіктерінің шектері айқындалды.

Прокуратурамен заңдылықтың сақталуын тағайындауға және тексеру жүргізуге міндетті адамдар тобына кәмілетке толмағандар енгізілді.

Прокуратура шешімдеріне шағымдану тәртібі қадағалау органынан арыз берушіге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, негізделген және дәлелді жауап беруді талап ететін нормамен толықтырылды.

Прокуратураның шешімдеріне шағымдану мерзімі қабылданған шешім туралы адамға белгілі болған күннен бастап есептелетін болады. Бұл нақтылау азаматтарға шағымдану мерзімін өткізіп алмауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша құқықтық олқылықтарды болдырмау, заң жобасының нормаларын бір-біріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында редакциялық, нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Комитет пен Бас прокуратура, Жоғарғы Сот, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары, біздің комитет жанындағы Қоғамдық-сарапшылық кеңес мүшелері, ғалымдар, сарапшылар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының он сегіз отырысы өткізілді.

Салыстыру кестесінде 126 позиция бар. Барлық позициялар қабылданды. Қабылданбаған түзетулер жоқ.

Құрметті депутаттар! Бірінші оқылымда біз өз функцияларын орындау үшін прокуратураны күшті өкілеттіктер және нақты кепілдіктермен қамтамасыз етілуі керек екендігін атап өттік.

Заң жобасы ең алдымен осы мәселелерді шешуге бағытталған.

Жұмыс тобы заң жобасы Мемлекет басшысы қойған прокуратураның тиімді қызметін қамтамасыз ету және елдегі заңдылықты сақтаудың жалпы

ісінде оның конституциялық рөлін күшейту міндеттеріне толық жауап береді деп санайды.

Баяндалғанды ескере отырып, комитет заң жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және оны Парламент Сенатына қарауға жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Гүлнар Қадіржанқызы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау туралы ұсыныс түсті. Басқа пікір болмаса, осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «жақтағандар» – 97. Тиісті қаулы қабылданды.



*Дүррес: құжаттамашы қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майгонова.*